

**№ 1-Инновация нысаны бойынша инновациялық қызмет туралы есепті жасау жөніндегі  
НҰСҚАУЛЫҚ****Жалпы ережелер**

«Инновациялық қызмет туралы есеп» № 1-Инновация нысаны бойынша есепті ұйымдастыру-құқықтық нысандарына, меншік нысандарына және санына қарамастан, сондай-ақ есепті жылы инновациялық қызметті жүзеге асырғандығына немесе асырмағандығына қарамастан заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері табыс етеді. Кәсіпорынның инновациялық қызметі осы есепте **кәсіпорын тұрғысынан**: аяқталған инновациялардың нақты бары; **осы кәсіпорын үшін жаңа** болып табылатын осы инновацияларды, инновациялық өнімдерді (қызметтер) әзірлеудегі ұйымның қатысу дәрежесімен ескеріледі.

Құрылымдық бөлімшелері жоқ заңды тұлға мемлекеттік статистикалық есептілік нысанын өзінің тұрған жері бойынша аумақтық статистика органдарына табыс етеді.

Егер заңды тұлғаның дербес баланстағы құрылымдық бөлімшелері бар болса, онда бұл бөлімшелер өзі тұрған жердегі статистикалық органдарға жеке есеп береді.

Егер заңды тұлғаның орналасу орынына қарамастан, дербес балансында жоқ ведомствоға қарасты құрылымдық бөлімшелері болса, онда бұл құрылымдық бөлімшелер бойынша деректер заңды тұлғаның есебіне кіреді.

№1-Инновация (жылдық) нысаны мемлекеттік статистика органдарына Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2006 жылғы 12 маусымдағы №19-ғ бұйрығымен бекітілген статистикалық нысандардың тиісті бланктерінде, есепті жылдан кейінгі 20 сәуірден кешіктірмей табыс етіледі.

Нысанның мекен-жай бөлігінде есеп беруші ұйымның толық атауы белгіленген тәртіпте тіркелген құрылтай құжаттарына сәйкес, заңды мекен-жайы, статкартаға сәйкес кәсіпорынның сәйкестендіру коды (КҰЖС) жазылады.

Деректер нысанда көрсетілген өлшем бірліктерде көрсетіледі.

Осы нысанда ұйым технологиялық инновацияларға (қызметтің негізгі түрі бойынша), сондай-ақ оның жүйесіндегі ұйымдастыру және басқару өзгерістеріне байланысты инновациялық қызмет туралы мәліметтерді табыс етеді.

**Технологиялық инновациялар** деп бұл нысанда ұйымның инновацияны әзірлеумен және де енгізумен байланысты қызметтері түсініледі. Сонымен бірге, өнеркәсіпте - технологиялық жаңа өнімдер мен процестер, сондай-ақ өнімдер мен процестердегі едәуір технологиялық жетілдірулер; қызмет көрсету салаларында - технологиялық жаңа немесе едәуір жетілдірілген қызметтер және жаңа немесе жетілдірілген қызмет өндіру (табыстау) тәсілдері.

**Өнеркәсіпте** инновацияның екі түрін бөліп қарастырады: өнім инновациясы және процесс инновациясы.

**Өнім инновациясына** технологиялық жаңа және технологиялық жетілдірілген өнімдерді әзірлеу және енгізу кіреді.

**Технологиялық жаңа өнім** - бұл технологиялық сипаттамалары (функционалдық белгілері, конструкциялық орындалуы, сондай-ақ қолданылатын материалдар мен компоненттер құрамы) немесе шамаланған пайдаланылуы негізіндегі жаңа, не осыған ұқсас бұрын шығарылатын өнімдерден елеулі айырмашылығы бар өнім. Мұндай инновациялар негізіндегі жаңа технологияларда, не зерттеулер мен әзірлемелер нәтижесін пайдалануда негізделуі мүмкін.

**Технологиялық жетілдірілген өнім** - бұл қолда бар өнім, ол үшін сапалық сипаттамалар жақсартылады, тиімділігі ең жоғары компоненттерді немесе материалдарды, бір немесе одан көп техникалық қосалқы жүйелерді жартылай өзгертуді (кешендік өнім үшін) пайдалану арқылы өндірістің экономикалық тиімділігі артады.

**Процесс инновациясына** технологиялық жаңа немесе өнімдерді табыстау әдістерін қоса технологиялық едәуір жетілдірілген өндірістік әдістерді әзірлеу және енгізу кіреді. Мұндай инновациялар жаңа өндірістік жабдықты, өндірістік процесті ұйымдастырудың жаңа әдістерін немесе олардың жиынтықтарын пайдалануда, сондай-ақ зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін пайдалануда негізделуі мүмкін. Мұндай инновациялар, әдетте, өндіріс тиімділігін арттыруға немесе өнеркәсіпте бар өнімді табыстауға көзделген, бірақ кәдімгі өндіріс әдістерін пайдалану жолымен өндірілмейтін немесе жеткізілмейтін технологиялық жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді өндіруге және жеткізуге арналуы мүмкін.

Өнеркәсіпте технологиялық инновацияларға жатқызылмайтын өзгерістер:

- өнімдердегі эстетикалық өзгерістер (түсінде, декорында және т.с.с.);

- өнімнің конструкциялық орындалуын өзгеріссіз қалдыратын, сол немесе өзге бұйымның, сондай-ақ оған кіретін материалдар мен компоненттердің параметрлеріне, ерекшеліктеріне, құнына жеткілікті көзге түсерліктей әсер ететін елеусіз ғана техникалық немесе сырт пішініндегі өзгерістер.

**Қызмет көрсету салаларында** - қызмет көрсету сипаттамалары немесе пайдалану әдістері не негізінде жаңа не технологиялық қатынаста едәуір (сапалы) жетілдірілген болса, ол технологиялық инновация деп саналады. Өндірістің немесе қызметті табыстаудың едәуір жетілдірілген әдістерін пайдалану да технологиялық инновация болып саналады. Соңғысы бар өндірістік әдістерді пайдалана отырып өндіруге немесе табыстауға келмейтін жаңа немесе едәуір жетілдірілген қызметтерді өндірумен немесе табыстаумен, немесе бар қызметтерді өндіру немесе табыстау тиімділігін арттырумен байланысты өндірісті жабдықтаудағы немесе ұйымдастырудағы өзгерістерді қамтуы мүмкін.

Жаңа немесе едәуір жетілдірілген қызметтерді, оларды өндіру (табыстау) әдістерін енгізу негізіндегі жаңа технологиялардың немесе бар технологиялардың жаңа комбинацияларының негізінде, не жаңа білім негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Мәселен, технологиялар жаңа немесе жетілдірілген машиналарда, жабдықта, бағдарламалық құралдарда көрініс тапса, ал жаңа білім - бұл зерттеулердің, арнайы біліктілікті немесе дағдыны алудың немесе пайдаланудың нәтижесі.

**Төменде аталған өзгерістер технологиялық инновациялар болып табылмайды**, егер олар жаңа немесе едәуір жақсартылған қызметтерді немесе оларды өндіру немесе табыстау әдістерін енгізуге тікелей жатпайтын болса:

- басқарудың озық әдістеріне өтуді, елеулі өзгерген ұйымдық құрылымдарды енгізуді, кәсіпорынның экономикалық стратегиясындағы жаңа немесе біршама өзгерген бағыттарды іске асыруды қоса ұйымдық және басқару өзгерістері;
- сапа стандарттарын енгізу.

**1-бөлім. Жалпы ұйымдастыру-экономикалық көрсеткіштер**

Бұл бөлімді есепті кезеңде инновациялық қызметті жүзеге асырғандығына не асырмағандығына қарамастан барлық ұйымдар толтырады.

**01 жол бойынша** кәсіпорын бірлескен және қаражат саясатын қалыптастыру мақсатында бірлестік, серіктестік, қоғам құру туралы келісім-шарт негізінде, өзінің материалдық немесе материалдық емес активтерді ішінара немесе толықтай, негізгі және еншілес қоғам ретінде жұмыс істейтін заңды тұлғалардың жиынтықтарын, кәсіпорынның белгілі бір тобының бөлігі болып табылады ма соны көрсетеді. Кәсіпорын, егер осы топтың бөлігі болып табылса онда «иә» сөзі қойылады, басқа жағдайда сызықша қойылады.

**02 жол бойынша** 01 жолда «иә» сөзін қойған кәсіпорын елдің сыныптауышына сәйкес, басты кәсіпорын орналасқан елдің кодын көрсетеді.

**03-05 жол бойынша** өнімдерді өткізу көлемі бойынша қандай өткізу рыногы ең маңызды кәсіпорын болып табылатыны белгіленеді - «✓».

кәсіпорын орналасқан облыстың жергілікті немесе өңірлік шектеулі аумағы;

қазақстандық, облыстың аумағынан бөлек кәсіпорын орналасқан республиканың басқа облыстарының аумағын қосқанда; шетелдік, Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары орналасқан.

**06 жол бойынша** егер есепті кезеңде инновациялық қызмет іске асырылып, кәсіпорында жүргізілсе - «✓» қойылады.

**07, 08 жолдар бойынша** кәсіпорынның инновациялық қызметі дамуының қай кезеңде екендігі көрсетіледі - бастапқысы әзірлеу сатысы немесе аяқталғаны - егер ұйым соңғы үш жыл ішінде аяқталған инновациясы бар болса көрсетеді.

## 2-бөлім. Кәсіпорынның инновациялық белсенділігі

Бұл бөлімді есепті кезеңде инновациялық қызметті жүзеге асырғандығына не асырмағандығына қарамастан барлық кәсіпорындар толтырады. Бұл бөлімде ұйымның инновациялық белсенділігі үш негізгі сипаттамамен бағаланады: аяқталған инновациялардың бары; кәсіпорынның осы инновацияларды әзірлеуге қатысу дәрежесі және инновациялық қызмет жүзеге асырылмаған негізгі себептерді бағалау.

**01-жол бойынша** ұйым «иә» сөзін қояды, егер оның соңғы үш жыл ішінде аяқталған инновациясы, яғни өткізу рыногына енгізілген жаңа немесе едәуір жетілдірілген өнімдері, рынокқа енгізіліп қойылған жаңа немесе едәуір жетілдірілген қызметтері немесе оларды өндіру (табыстау) әдістері, тәжірибеге енгізілген жаңа немесе едәуір жетілдірілген өндірістік процестері болса. Егер кәсіпорынның қарастырылып отырған уақыт ішінде аяқталған инновациясы болмаған болса, онда 01-жолға нұсқау қойылады.

Соңғы үш жыл ішінде аяқталған инновациясы болған кәсіпорын **02-05-жолдарда** өзінің немесе көлденең кәсіпорынның осы инновацияларды әзірлеуге қатысу деңгейін көрсетеді.

**02-жол бойынша** кәсіпорын негізінен қазақстандық авторлар жүзеге асыратын инновацияны әзірлеудің пайызын көрсетеді.

**03-жол бойынша** кәсіпорын шетелдік авторлар жүзеге асыратын инновацияны әзірлеудің пайызын көрсетеді.

**04-жол бойынша** кәсіпорын қазақстандық және шетелдік авторлар бірлесіп жүзеге асыратын инновацияны әзірлеудің пайызын көрсетеді.

Егер кәсіпорынның қарастырылып отырған кезең ішінде бірнеше аяқталған инновациясы болған жағдайда, пайыз бірнеше жолда (02, 03 және 04) бір уақытта көрсетілуі керек, жолдар жиынтығы 100% теңестірілуі тиіс.

Егер кәсіпорынның соңғы үш жыл ішінде дайын инновациялары болған жағдайда,

**05-жол бойынша** олардың ең маңыздысының атауы көрсетіледі:

- 26 - ғылыми-зерттеу;
- 27 - жобалау-конструкторлық;
- 28 - жаңа технологияларды, жабдықтарды, материалдарды енгізу;
- 29 - республикалық мақсаттық және өңірлік ғылыми-техникалық бағдарламаларға қатысу;
- 30 - «ноу-хау», технологиялар және өнеркәсіптік меншіктің басқа да түрлерін сатып алу;
- 31 - инновацияның басқа да түрлері.

Егер инновациялық қызмет ұйымда соңғы үш жыл ішінде жүзеге асырылмаған жағдайда, оның болмау себебі көрсетіледі «✓», **06-жол бойынша** - ертеректе инновациялардың болуына байланысты жаңа енгізулердің қажетсіздігі; **07-жол бойынша** - рыноктық сұраныстың жоқтығы; **08-жол бойынша** - инновацияларға кедергі жасаушы басқа факторлар.

## 3-бөлім. Инновациялық өнімнің және көрсетілген қызметтердің көлемі

**Бөлімнің 01, 03, 08, 10-жолдарын** инновациялық өнімдерді (қызметтерді) есепті жылы жөнелткендігіне не жөнелтпегендігіне қарамастан барлық ұйымдар толтырады.

Осы зерттеуге қатысты инновациялық өнім деп соңғы үш жыл ішінде әртүрлі деңгейдегі технологиялық өзгерістерге ұшыраған өнім (қызмет) түсініледі.

**01-02-жолдарды** ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар толтырады.

**01-жол бойынша** қызметтің негізгі түрі бойынша қолданыстағы бағада, ҚҚС пен акциздерсіз өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі туралы деректер көрсетіледі.

**02-жол бойынша** 01-жолдан инновациялық өнімдер (селекциялық жетістіктер) көрсетіледі.

**03-07-жолдарды** тек өнеркәсіп кәсіпорындары толтырады.

**03-жол бойынша** қызметтің негізгі түрі бойынша қолданыстағы бағада, ҚҚС пен акциздерсіз жөнелтілген (табысталған) тауарларының (мұнда қызмет көрсету ескерілмейді) көлемі туралы деректер көрсетіледі.

**2-бағанда** жөнелтілген тауарлардың жалпы көлемінен Қазақстан шегінен тыс ТМД елдерін қоса әлемнің барлық елдеріне экспортқа шығарылатын тауарлардың көлемі, 3-бағаннан 2-бағанға ТМД елдеріне экспортқа шығарылатын тауарлар бөлінеді.

**04-жол бойынша** инновациялық өнімнің, яғни соңғы үш жыл ішінде әртүрлі технологиялық өзгерістерге (өнім және процесс инновацияларын жүзеге асыру нәтижесінде) ұшыраған өнімнің көлемі келтіріледі. 04-жол бойынша деректер 05-07-жолдарда көрсетілген деректердің жиынтығына тең.

**05-жол бойынша** жаңадан енгізілген (негізіндегі жаңа) немесе соңғы үш жыл ішінде едәуір технологиялық өзгерістерге ұшыраған жөнелтілген өнімнің көлемі бейнеленеді. Осы өнім үшін қолдану (пайдалану) аясы, пайдалану сипаттамалары, белгілері, конструкциялық орындалуы, сондай-ақ қолданылатын материалдар мен компоненттер құрамы жаңа немесе одан бұрын шығарылған (әлемде) өніммен салыстырғанда біршама деңгейде айырмашылығы бар. Осы өнімнің анықтамасы осы нұсқаулықтың жоғарыда берілген жалпы ережелерінде ұсынылған өнім инновациясы құрамындағы технологиялық жаңа өнімдер ұғымына сәйкес келеді

**06-жол бойынша** соңғы үш жыл ішінде жетілдіруге ұшыраған жөнелтілген өнім келтіріледі. Оған қазір бар (елде, әлемде), параметрлері едәуір жетілдірілген немесе сәндендірілген өнім жатады. Бұл өнімнің анықтамасы осы нұсқаулықтың жоғарыда берілген жалпы ережелерінде ұсынылған өнім инновациясы құрамында жетілдірілген өнімдер ұғымына сәйкес келеді.

**07-жол бойынша** жаңа өндірістік жабдықты, өндірістің ұйымдастырудың жаңа әдістерін немесе олардың жиынтығын қолдануды жоспарлайтын жаңа немесе едәуір жетілдірілген өндірістік әдістерді енгізуге негізделген өзге инновациялық өнім (жөнелтілген) көрсетіледі. Әдетте, бұл ұйымда шығарылып жатқан өнімге қатысты. Бұл өнімнің анықтамасы осы нұсқаулықтың жоғарыда берілген жалпы ережелерінде ұсынылған процесс инновациясы ұғымына сәйкес келеді. Бұдан басқа осы санатқа шеттен алынған озық тәжірибеге (патентсіз лицензияларға, ноу-хау және т.с.с.) негізделген өнім кіреді.

03-жол бойынша деректер соңғы үш жыл ішінде өзгерістерге (технологиялық, материалдар, компоненттер құрамында және т.с.с.) ұшырамаған немесе елеусіз ғана өзгерген өнімнің көлемі есебінен 04-жол бойынша деректерден (сонымен бірге 05-07-жолдардың жиынтығынан) артық немесе тең.

**08,09-жолдарды** тек құрылыс ұйымдары толтырады.

**08-жол бойынша** құрылыс ұйымының қызметтің негізгі түрі бойынша (ҚҚС-сыз) орындаған жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі көрсетіледі.

**09-жол бойынша** 08-жолдан инновациялық сипаттағы жұмыстардың (қызметтердің) көлемі көрсетіледі.

**10-11-жолдарды** қызмет көрсету салаларының ұйымдары ғана толтырады.

**10-жол бойынша** қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі көрсетіледі.

**11-жол бойынша** инновациялық сипаттағы қызметтердің, яғни соңғы үш жыл ішінде әртүрлі технологиялық өзгерістерге ұшыраған технологиялық жаңа немесе жетілдірілген қызметтердің көлемі бөліп көрсетіледі. 11-жолды толтыру кезінде осы нұсқаулықта берілген қызмет көрсету саласындағы технологиялық инновациялар ұғымына сүйену қажет.

## 4-бөлім. Технологиялық инновацияларға жұмсалған шығындар

1-бағанда **01-жол бойынша** ұйымның өз күшімен орындалған технологиялық инновацияларға (технологиялық жаңа немесе едәуір жетілдірілген өнімдерді, қызметтерді және оларды өндіру (табыстау) әдістерін, технологиялық жаңа немесе едәуір жетілдірілген өндірістік әдістерді әзірлеу және енгізу) жұмсалған жалпы (ағымдағы және күрделі) шығындар, сондай-ақ көлденең ұйымдардың жұмыстарына, қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалған шығындар көрсетіледі.

Ағымдағы шығындар, ең бастысы, өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құны есебінен жүзеге асырылады, оларға технологиялық инновацияларды әзірлеумен және енгізумен айналысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалған шығындар, әлеуметтік мұқтаждарға аударымдар, сондай-ақ күрделі шығындарға жатпайтын, ұйым бір жыл ішінде орындайтын басқа шығыстар (инновациялық қызметті қамтамасыз етуге қажетті шикізатты, материалдарды, жабдықты және өзгелерді сатып алуға жұмсалған шығындар).

Күрделі қаржы жұмсалымына (ұзақ мерзімді инвестициялар) мөлшерін жасауға, молайтуға жұмсалған жыл сайынғы шығындар, сондай-ақ технологиялық инновацияларды әзірлеумен және енгізумен байланысты жүзеге асырылатын, сатуға арналмаған, ұзақ мерзімге (бір жылдан аса) пайдалануға арналған айналымнан тыс активтерді сатып алу жатады. Олар инновациялық қызметті пайдалану үшін қажетті машиналарды, жабдықты, өзге де негізгі құралдарды сатып алуға, инновациялық қызметті жүргізу үшін ғимараттар, жер учаскелерін және табиғатта пайдалану объектілерін сатып алуға жұмсалған шығындардан тұрады.

**2-бағанда** технологиялық инновацияларды (зерттеулер мен әзірлемелер, өнертабыстарды патенттеу, өзге де патент-лицензия беру қызметтері, персоналды дайындау, тәжірибе жүзінде оқыту, конструкторлық жұмыстар, маркетингтік зерттеулер және т.б.) әзірлеумен және енгізумен байланысты көлденең ұйымдардың осы ұйым үшін орындаған арнайы жұмыстарына ақы төлеуге жұмсалған шығындар көрсетіледі.

Технологиялық инновацияларға жұмсалған шығындар туралы деректер есепті жылы табыс етіледі. Сонымен инновациялық процестің (жаңа ережені енгізу) қай сатыда тұрғандығы маңызды емес.

Есепті жылы жүзеге асырылған технологиялық процестерге жұмсалған барлық шығындар толық ескеріледі. 02-10-жолдар бойынша технологиялық инновацияларға жұмсалған жалпы шығындар инновациялық қызмет түрлері бойынша бөлінеді.

**02-жол бойынша** ұйым өз күшімен, сондай-ақ тапсырыс көлденең ұйымдар орындаған зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған шығындар бейнеленеді.

Зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған шығындар құрамына кіретіндер:

- өндірістік көрсеткіштер үшін сыйақыларды, ынталандырушы және өтемік төлемдерді ескере отырып ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді орындаушы құрам қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалған шығындар, белгіленген жасқа дейін бала күту демалысында болатын әйелдерге өтемақы, сондай-ақ негізгі қызметпен айналысатын тізімдік құрамға кірмейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын шығындар.

- нақты тақырыпты жобалауды, тасымалдауды және орнатуды қоса оны орындау үшін қажетті арнайы аспаптарды, құралдарды, саймандарды, аппараттарды, механизмдерді, құрылғыларды және басқа арнайы жабдықты сатып алуға және дайындауға жұмсалған шығындар. Мұндай шығындар шарт бойынша орындалатын жұмыстардың өзіндік құны есебінен жүзеге асырылады, ал олар аяқталғаннан соң немесе тоқтатылғаннан соң қалған арнайы жабдық, сондай-ақ тақырып бойынша жұмыс істеу процесі кезінде сатып алынған немесе дайындалған үлгілер, макеттер және басқа бұйымдар тапсырыс берушіге табыс етілуі керек. Егер аталған жабдық және бұйым тапсырыс берушіге қайтарылмаса, онда тақырып аяқталғаннан соң олар түгенделеді және құнына қарай жарғылық қордан негізгі немесе айналым қаражаттары құрамына тегін түскендер ретінде енгізіледі.

- шеттен сатып алынатын шикізат пен материалдардың, жинақтаушы бұйымдардың, жартылай дайын өнімдердің, отынның, табиғи шикізаттың барлық түрлері энергиясының, көлденең кәсіпорындар орындайтын өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтердің, келіп түскен материалдық ресурстардың жетіспеушілігіне байланысты табиғи кему нормалары шегіндегі ысыраптардың құны; өнімді (жұмысты, қызметті) өндіруге жұмсалған материалдық шығындар есепте үстеме бағаны (үстеме ақыны), жабдықтаушы, сыртқы экономикалық ұйымдарға төленген комиссиялық сыйақыларды, тауарлық биржалар көрсететін қызметтер құнын, кедендік баждарды, көлденең ұйымдардың күшімен жүзеге асырылатын тасымалдауға, сақтауға және жеткізуге байланысты шығыстарды қоса оларды сатып алу құны бойынша (қосымша құн салығын ескере отырып) көрсетіледі;

- зерттеулер мен әзірлемелерге, соның ішінде жер учаскелерін сатып алуға, үйлер құрылысына немесе сатып алуға, негізгі қорлар құрамына кіретін жабдықты сатып алуға жұмсалған күрделі шығындар, зерттеулермен және әзірлемелермен байланысты өзге де күрделі шығындар. Ғылыми зерттеулермен және әзірлемелермен байланысты емес, тұрғын үйлердің, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің құрылысына және т.с.с. байланысты есеп беруші кәсіпорын жүзеге асыратын күрделі қаржы жұмсалымы ескерілмейді;

- зерттеулер мен әзірлемелердің орындалуымен байланысты және шығындардың жоғарыда аталған түрлерінің біреуінде де ескерілмеген өзге де шығындар.

Зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған шығындар құрамына сондай-ақ есеп беруші ұйыммен жасалған шарт бойынша көлденең ұйым орындаған зерттеулер мен әзірлемелердің құны кіреді.

**03-жол бойынша** технологиялық инновацияларды енгізуге байланысты біріктірілген бағдарламалық қамтамасыз етуді, өзге де негізгі қорларды қоса машиналарды, жабдықты, құрылғыларды сатып алуға бағытталған күрделі жұмсалымдар көрсетіледі.

Машиналар мен жабдықты сатып алудың басқа жағдайлары технологиялық инновациялар ретінде қарастырылмайды және 03-жолда көрсетілмейді. Мысалы, өндіріс қуаттарын танымал үлгідегі қосымша станоктар есебінен ұлғайту не болмаса станоктарды сол үлгідегі соңғы түріне ауыстырғанның өзінде технологиялық инновация болып табылмайды.

**04-жол бойынша** патенттік лицензиялар (энертабыстарды, өнеркәсіп үлгілерін, тиімді үлгілерді пайдалануға берілетін патенттер, лицензиялар алу құқығы), патентсіз лицензиялар, «ноу-хау», бөлшектелген жинақталым түріндегі жаңа технологиялар сатып алуға жұмсалған шығындарды, сондай-ақ көлденең кәсіпорындардан сатып алынған технологиялық инновацияларды орындауға қатысты тауар белгілерін, басқа инжинирингтік, консалтингтік қызметтерді (зерттеулер мен әзірлемелерді қоспағанда) қоса технологиялық инновацияларды іске асыру үшін пайдаланылатын жаңа технологияларды сатып алуға жұмсалатын шығындар келтіріледі.

«Ноу-хау» - қорғау құжаттары жоқ және толық жарияланбаған немесе өндіріс құпиясын құрайтын жартылай техникалық, ұйымдық немесе коммерциялық ақпарат, оны иеленушінің осы ақпаратты үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануынан қорғау құқығы бар. Оған шаруашылық қызмет процесі кезінде пайда әкелетін жаңа технологиялар, техникалық немесе өзге шешімдер, білім, тәжірибе кіреді.

**05-жол бойынша** патенттік лицензияларды, дәл айтқанда энертабыстарды, өндірістік үлгілерді, тиімді үлгілерді пайдалануға берілетін патенттер, лицензиялар алу құқықтарын сатып алуға жұмсалатын шығындар бөлек көрсетіледі.

Лицензия сатып алуға жұмсалатын шығындар - бұл лицензияға (лицензияны сатушыға) төленген лицензиялық сыйақы. Ол келісілген тұрлаулы сома ретінде төленетін, не роялти, яғни лицензияны сатып алушы оны пайдалану нәтижесінде алған пайдасының белгілі бөліктері түрінде төленетін төлем болуы мүмкін. 05 (және 04)-жол бойынша есепті жылы төленген сома ғана ескеріледі.

**06-жол бойынша** инновацияны жүзеге асырумен байланысты бағдарламалық құралдарды сатып алуға жұмсалатын шығындар көрсетіледі. ЭЕМ-ге арналған бағдарламалардан басқа бағдарламалық құралдарға жүйелер және графикалық редакторлар, бейне коллекциялары және т.б. кіреді.

**07-жол бойынша** өндірістік жобалауға, жаңа өнімдерді шығару, жаңа қызметтерді немесе оларды өндіру (табыстау) әдістерін енгізу үшін өндірісті дайындаумен байланысты жұмыстардың басқа түрлеріне жұмсалған шығындар көрсетіледі. Өндірістік жобалау-конструкторлық жұмыстар жаңа өнімді технологиялық жарақтандырумен, өндірісін ұйымдастырумен және оны шығарудың бастапқы сатысымен байланысты. Өнеркәсіпте оларды жаңа өнімдерді дайындаумен байланысты өнеркәсіптік объектіні (үлгіні) жобалау, нақты өндірістік процестер мен әдістерге, техникалық айырықшалауға, пайдалану ерекшеліктеріне (сапаларына) бағытталған технологиялық жаңа өнімдерді өндіру және жаңа процестерді жүзеге асыру үшін қажетті басқа жобалау-конструкторлық жұмыстар құрауы мүмкін. Бұл жұмыстарды зерттеулер мен әзірлемелер құрамында ескерілетін (02-жол бойынша) және, әдетте, жаңа өнімдерді немесе технологиялық процестерді жасау бойынша жобаның бастапқы тұжырымдамасына жататын жобалау-конструкторлық жұмыстардың бөлігімен араластырудың қажеті жоқ.

Қызмет көрсету салаларында жаңа қызметтерді немесе оларды өндіру әдістерін енгізуге дайындық инновацияны енгізу үшін қажетті нақты процедураларға (процестерге, әдістерге), айрықшалауларға және пайдалану ерекшеліктері мен белгілеріне (қорытынды сынақтарды қоса) бағытталған қызметті қамтиды.

**07-жол бойынша** көрсетілген шығындар құрамына сондай-ақ өндірістің технологиялық дайындығына, сынама өндіріске және технологиялық инновацияларды енгізумен байланысты сынақтарға (02-жол бойынша көрсетілмеген) жұмсалған шығындар кіреді.

**08-жол бойынша** технологиялық инновацияларды енгізуге байланысты персоналды оқытуға, дайындауға және мамандығын өзгертуге жұмсалған шығындар туралы деректер келтіріледі. Персоналды оқытуға және дайындауға жұмсалған шығындарға көлденең ұйымдар қызметін пайдалануды және ұйымның өзінде оқытуға және дайындауға (соның ішінде өндірістен қол үзбестен) жұмсалған шығындарды қосуға болады.

**09-жол бойынша** маркетингпен немесе инновацияны рыноктық енгізуге байланысты шығындар көрсетіледі. Оларға рыноктық инновациялар үшін дистрибуторлық желілерді өрістетуге (жаңа тауарларды, қызметтерді рынокқа шығаруға) байланысты шығыстарды қоспағанда рынокты алдын ала зерттеу, байқап көру, осы бұйымның әртүрлі өткізу рыноктары үшін бейімделуі және бастапқы жарнамасы кіреді.

**10-жол бойынша** технологиялық инновацияларды енгізумен байланысты өзге де шығындар (02-09-жолдарда ескерілмейтін) кіреді, мысалы, тартылған білікті мамандардың консультацияларын төлеу, жоғарыда аталмаған технологиялық мазмұндағы басқа жұмыстар, қызметтер.

**11-17 жолдарда** шығындар технологиялық инновациялардың қаржыландыру көздері бойынша бөлінеді:

**11-жол бойынша** - кәсіпорынның меншікті қаражаты есебінен;

**12 және 13-жолдар бойынша** - республикалық және жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен;

**14-жол бойынша** - шетелдік инвестициялары есебінен;

**15-жол бойынша** ТМД елдерінен алынған қаражат белгіленеді.

**16-жол бойынша** - дамыту институттарының (Даму Банкі, Ұлттық инновациялық қоры, Инвестициялық қоры, Технологиялар инжинирингі және трансферті орталығы және т.басқ.) қаражаты есебінен, одан **17 жол бойынша** - инновациялық гранттар;

11-14-жолдардың және 16-жолдың деректер жиынтығы 01-жолдың деректер жиынтығына тең болуы тиіс.

**18-жол бойынша** 01-жолдан тартылған кредиттер мен заемдар есебінен технологиялық инновацияларға жұмсалған шығындар, одан

**19-жол бойынша** жеңілдікті жағдайдағылары бөлінеді.

**20 және 21-жолдар**, онда инновациялық шығындарды инновация типі бойынша бөледі, тек өндірістік ұйымдар ғана толтырады. 20-жол

бойынша өнім инновациясына, 21-жол бойынша процесс инновациясына жұмсалған шығындар келтіріледі, олардың анықтамасы нұсқаудың жалпы ережесінде берілген. 20 және 21-жолдардың деректер жиынтығы 01-жолдың деректеріне тең болуы тиіс.

Бөлімге арналған анықтамада **22-жол бойынша** тұрақты негізде ғылыми зерттеулер және әзірлемелер жүргізетін меншікті ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық бөлімшелерінің саны көрсетіледі.

**23-жол бойынша** көрсетілген бөлімшелер қызметкерлерінің тізімдік саны (қызметті қоса атқарушыларсыз) ескеріледі.

**24-жол бойынша** барлығын қаржыландыру көздері бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ФЗТҚЖ) байланысты **жалпы шығыстар** бейнеленеді, соның ішінде қаржыландыру көздері бойынша технологиялық инновацияға бөлінеді: республикалық бюджет қаражаты есебінен - **25-жол**; жергілікті бюджет - **26-жол**; меншікті қаражат - **27-жол**; шетелдік инвестициялар - 28-жол, дамыту институттарының қаражаты - 29 жол.

### **5-бөлім. Зерттеулер мен әзірлемелерді орындау бойынша бірлескен жобалар**

Осы бөлімнің мақсаты - Сіздің ұйым тиісті жұмыстардың, қызметтердің тапсырыс берушісі немесе орындаушысы болып табылатындығына қарамастан есепті жылдағы кооперациялық байланыстардың қолда барын, ұйымдардың зерттеулер мен әзірлемелер саласында, инновациялық қызметтің өзге де түрлерінде басқа ұйымдармен ынтымақтастығын белгілеу.

**01-жол бойынша 1-бағанда** зерттеулер мен әзірлемелерді орындау бойынша, соның ішінде ғылыми-зерттеу инновациялық қызметті ынталандырушы мемлекеттік ғылыми-техникалық, мақсатты және халықаралық бағдарламалар бойынша бірлескен жобалар саны көрсетіледі.

**2-4 бағандарда** бірлескен жобалар ынтымақтастық бойынша серіктестердің орналасу орнына сәйкес бөлінеді: **2-баған** - Қазақстан; **3-баған** - ТМД елдері және **4-баған** - басқа да елдер.

**02-08-жолдарда** бірлескен жобалар серіктестер типі бойынша бөлінеді. 01-08-жолдар бойынша 1-бағанның деректері әрбір жол бойынша 2-4 бағандардың деректер жиынтығына тең болуы тиіс. 01-жол барлық бағандар бойынша 02-08 жолдардың жиынтығына тең. Егер 1-бөлімнің 01-жолында «иә» деп белгіленсе, онда **01-жол бойынша** бірлескен жобалар саны көрсетіледі.

### **6-бөлім. Сатып алынған және тапсырылған жаңа технологиялар техникалық жетістіктер, бағдарламалық құралдар**

**01-жол бойынша** есепті жыл ішінде ұйым сатып алған (1-баған) және табыстаған (4-баған) жаңа технологиялардың немесе жеке техникалық жетістіктердің жалпы саны көрсетіледі.

**2 және 5-бағандарда** Қазақстан Республикасынан тысқары жерде, соның ішінде 3 және 6-бағандарда - ТМД елдерінде сатып алынған және табысталған технологиялардың саны көрсетіледі.

**02-06-жолдар бойынша** сатып алынған (табысталған) технологиялар саны сатып алу (табыстау) нысандары бойынша бөлінеді. 01-жол бойынша деректер барлық бағандар бойынша 02-06-жолдардың деректеріне тең болуы тиіс.

Әрбір сатып алынған (табысталған) технологиялар бойынша бір ғана сатып алу (табыстау) тәсілін көрсетеді.

**02-жол бойынша** патентке, өнертабысты пайдалану лицензиясына, тиімді үлгілерге, өнеркәсіптік үлгілерге құқық;

**03-жол бойынша** - зерттеулер мен әзірлемелер нәтижесі;

**04-жол бойынша** - ноу-хау, технологияларды табыстауға келісімі;

**05-жол бойынша** - жабдықтарды сатып алу (сату);

**06-жол бойынша** бөлімде аталмаған басқа технологияларды сатып алу (табыстау) нысандарының жиынтығы көрсетіледі.

### **7-бөлім. Ұйымдастыру-басқарушылық өзгерістер**

Бұл бөлімде соңғы үш жыл ішінде Сіздің ұйымыңыздың ұйымдық және билік ету жүйесінде болған өзгерістер туралы мәліметтер келтіріледі.

Қарастырылып отырған инновация типінің технологиялық инновацияларға (1-6 бөлімдер) және солардың шеңберінде жүзеге асырылып отырған өндірістік процестерді ұйымдастырудағы жаңа енгізулерге немесе технологиялық инновацияларды әзірлеумен және іске асырумен байланысты маркетингтік зерттеулерге қатысы жоқ.

**01-10 жолдар бойынша** көрсетілген тізбеге сәйкес ұйымдық - билік ету өзгерістері көрсетіледі. Егер осы өзгерістер жүзеге асырылған болса, онда «иә» сөзі қойылады, егер жоқ болса - сызықша.

**01-жол бойынша** кәсіпорында жаңа немесе едәуір жетілдірілген корпоративтік стратегияны әзірлеу және іске асыру саласындағы өзгерістердің бары туралы мәліметтер көрсетіледі.

**02-жол бойынша** - кәсіпорынды басқарудың, соның ішінде ақпараттық технологиялар негізіндегі қазіргі әдістерін енгізу туралы. Мұнда есептеу техникасының қазіргі құралдарын және арнайы бағдарламалық құралдарды, мысалы, бухгалтерлік және қойма есебін, кадрлар және ресурстардың басқа түрлерінің есебін шешу, ұйым қажеттілігін жоспарлау, ұйымның қаржы жағдайын сараптау және басқару шешімдерін қабылдауға қолдау көрсету, ұйымның автоматтандырылған құжат айналымы жүйелері, тапсырыс берушілерді, мердігерлерді, клиенттерді есепке алуға арналған ақпараттық-анықтама жүйелері және т.с.с. үшін пайдаланатын технологиялар туралы айтылып отыр.

**03-жол бойынша** - кәсіпорында жаңа немесе едәуір өзгертілген ұйымдастыру құрылымын әзірлеу және енгізу туралы.

**04-жол бойынша** - жұмыс уақытының ауысымдық режимін пайдаланудағы жаңа енгізулер туралы.

**05-жол бойынша** - қазіргі отандық және шетелдік сапа стандарттарын пайдалануды қоса сапаны қадағалаудың, өнімді, көрсетілетін қызметті сертифициаттаудың қазіргі жүйелерін қолдану туралы.

**06-жол бойынша** - кәсіпорында еңбекті ұйымдастырудың жаңа немесе едәуір өзгерген әдістері мен тәсілдерін әзірлеу туралы.

**07-жол бойынша** - шикізаттың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің («Дәл уақытында») логистикасы мен оларды жеткізудің қазіргі жүйелерін енгізу туралы, мұнда өндірістік процестерді ұйымдағы қойма шаруашылықтарын айналып өтіп тікелей «дөңгелектен» үздіксіз материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесі, шетелде кеңінен пайдаланылып жүрген, сөз болып отыр.

**08-жол бойынша** - ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізу жөніндегі мамандандырылған бөлімшелер құру, технологиялық және инжинирингтік орталықтар, шағын инновациялық ұйымдар және т.б.с. ғылыми-техникалық жетістіктерді іс жүзінде жүзеге асыру туралы.

**09-жол бойынша** - мамандандырылған топтар мен бөлімшелер құруды, сондай-ақ ұйым маркетингінің басты тұжырымдамасын (стратегиясын) қалыптастыруды қоса кәсіпорын маркетингі қызметін жетілдіруді ұйымдастыру туралы.

**10-жол бойынша** кәсіпорын өзге де ұйымдастыру-басқарушылық өзгерістерді көрсетеді.

Код документа  
080.1514**ИНСТРУКЦИЯ**  
**по составлению отчета об инновационной деятельности**  
**по форме №1- Инновация****Общие положения**

Отчет по форме №1-Инновация «Отчет об инновационной деятельности» представляется юридическими лицами, их структурными подразделениями независимо от организационно-правовых форм, форм собственности и численности, а также вне зависимости от того, осуществляли они инновационную деятельность в отчетном периоде или нет. Инновационная деятельность предприятия учитывается в данном отчете с позиции предприятия: наличием разрабатываемых, завершенных инноваций; степенью участия организации в разработке данных инноваций, инновационной продукции (услуг).

Юридическое лицо, не имеющее структурных подразделений, представляет форму государственной статистической отчетности в территориальные органы статистики по месту своего расположения.

Если юридическое лицо имеет структурные подразделения, состоящие на самостоятельном балансе, то эти подразделения отчитываются самостоятельно в статистические органы по месту своего расположения.

В случае если юридическое лицо имеет подведомственные ему структурные подразделения, не состоящие на самостоятельном балансе, не зависимо от места расположения, данные по этим структурным подразделениям, включаются в отчет юридического лица.

Срок представления формы №1-Инновация (годовая) - не позднее 20 апреля следующего за отчетным годом, в органы государственной статистики на соответствующих бланках статистических форм, утвержденных Приказом Агентства РК по статистике от 12 июня 2006 года №19-г.

В адресной части формы указывается полное наименование отчитывающейся организации в соответствии с учредительными документами, зарегистрированными в установленном порядке, юридический адрес, идентификационный код предприятия (ОКПО) проставляется в соответствии со статкартой.

Данные приводятся в тех единицах измерения, которые указаны в форме.

В данной форме предприятие представляет сведения об инновационной деятельности, связанной как с технологическими инновациями (по основному виду деятельности), так и с организационными и управленческими изменениями в его системе.

